



1 МИЛЛИАРД ДОЛЛАР ИНВЕСТИЦИЯ

3



ҰЛТТЫҚ ЭЛИТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

4



БІР ӨКІНІШ, БІР АРМАН

Нұртас Оңдасыновтың
өмірі талайға үлгі

8

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №111 (6404) 19 қыркүйек, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ОРТА АЗИЯ – АҚШ САММИТІ:

5+1: Вашингтонның аймақтағы қадамы жиілейді



• АҚШ-тың Орталық Азиядағы стратегиялық қадамдары жиілей түсуі мүмкін. Вашингтонның кезекті 5+1 форматындағы саммитке баса мән беруінен осыны аңғаруға болады.

Бұдан бір ай бұрын Вашингтон тарапы БҰҰ Бас Ассамблеясының кезекті жиыны қарсаңында АҚШ және Орта Азия елдерінің саммитін өткізуді ұсынған. Аталған форматта АҚШ пен аймақ елдерінің жоғары жетекшілері бұған дейін де бірнеше мәрте бас қосқан. Алайда, бұл реткісі президенттер қатысқан жоғары деңгейдегі саммит ретінде мәні мен маңызы айрықша. Орта Азия елдері басшыларына Ақ үйдің шақырулары келіп түсіп жатқан тұста басылымымыз тарапынан тақырыпқа қатысты шағын сараптама да жариялаған едік. Саммит қарсаңында АҚШ пен Орта Азия қарым-қатынасына кеңірек тоқталуды жөн көрдік.

3

МЕРЕКЕЛІ, БЕРЕКЕЛІ МЕГАПОЛИС

Алматы жұртшылығы қыркүйектің үшінші жексенбісінде Қала күнін атап өтті. Бұл салтанатты мереке биыл да жылдағы дәстүр бойынша той-думанмен басталды. Түрлі танымдық іс-шаралар, рухани фестивальдер мен көрмелер ұйымдастырылды. Қаланың әр тұкпірінде мәдени іс-шаралар мен концерттер өтті. Қала күнін тойлау осымен бітпейді. Биылғы мерекенің ерекшелігі сол, мерекелік жиындар айдың басында басталып, қыркүйектің соңына дейін созылады. Алдағы аптада да бірқатар іс-шара өтеді.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

16-17 қыркүйек аралығында алматылықтар мен қала қонақтары жәрмеңке, шоу, фестиваль мен дәстүрлі іс-шаралардың куәсі болды. Қатысып жатқан және

сахна сыртындағы адамдарды санағанда, бір күнде 500 адам өнер көрсетті. Қала күнін тойлау 2 қыркүйекте басталды. Айдың соңына дейін Қала күні аясында жалпы 105 іс-шара өтеді.

Соңғы іс-шара 23 және 24 қыркүйекте сағат 12.00-ден 20.00-ге дейін Абай атындағы ҚазҰОБТ алаңында өтетін Shaisheik

Food Fest тарап фестивалі болады. Ересектерге арналған шеберлік сыныптары бар аймақтар, ең кішкентай қонақтарға арналған аниматорлары бар ойын алаңдары, фуд-корттар, байқау аймақтары, ашық аспан астындағы кинотеатр, мереке, ойын-сауық алаңдары, концерттік шағын алаңдар мен фотоаймақтар болады.

6

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

19.09.2023

Түнде:

+12+14 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+22+24 °C
Көшпелі бұлтты, күннің екінші
жартысында жаңбыр.

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

20.09.2023

Түнде:

+12+14 °C
Бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:

+17+19 °C
Бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Желдің жылдамдығы:
3-8, кей уақытта екпіні 15 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ БАСШЫЛАРЫНЫҢ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕЗДЕСУІНЕН KEЙІНГІ ОЙ

Орталық Азия+Әзербайжан:

ПРЕЗИДЕНТТЕР НЕ ДЕДІ?

Тарихи саммит аймақ елдері үшін маңызды қадам



Биыл бесінші рет Тәжікстан астанасы Душанбеде өткен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесуіне Қазақстанның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түркіменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысып, сөз сөйледі. Сонымен қатар, алғаш рет саммитке Әзербайжан Президенті Ильхам Алиев құрметті қонақ ретінде шақырылды.



Астана терең интеграцияға мүдделі

Аймақ елдерінің интеграциясында ұзақ уақыт бойы екіжақты форматтар басым болды. Осы олқылықты түзеуге Астана мүдделі екенін көрсетті. Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кездесуде сөйлеген сөзінде аймақта көпжақты интеграцияға аса мән беру керектігін айтты. Бұл аса маңызды қадам. Яғни аймақта ортақ мәселелерде 5 ел ортақ шешімге келуге мүдделі болуы қажет.

Екіншіден, біз сыртқы әлеммен интеграцияда сауда-экономикалық байланысқа басымдық беретінімізді тағы да көрсеттік. Бұл біздің көпвекторлы сыртқы саясатымызға берік екенімізді дәлелдейді. Көпвекторлы сыртқы саясаттың басты мәні – геосаяси текетіреске аралас-

пай, геоэкономикалық мүддеге басымдық беру.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев: «Елдеріміздің өзара тауар айналымын алдағы уақытта 15 миллиард долларға дейін жеткізу үшін мол мүмкіндік бар. Ол үшін кедергілерді жою, шамадан тыс протекционизмнен бас тарту және сауда-саттықтың ашық әрі тұрақты болуына жағдай жасау маңызды», – деді. Мұнда ол протекционизмнің қалыпты құбылыс екенін мойындады. Себебі, әр ел өзінің тауарларын сыртқы нарық әсерінен қорғағысы келеді. Тек мұнда әсіре сілтеушілік болмауын меңзеп тұр. Себебі, аймақтағы геэкономикалық мүдделерде дер кезінде компромисске келмесе геосаяси текетіреске айналуы мүмкін.

Мемлекет басшысының пікірінше, аймақтағы елдер ауыл шаруашылығы, құрылыс, химия және тоқыма өнеркәсібі салаларында байланыс орнатуға мүмкіндігі мол. Сонымен қатар, ол өз сөзінде көлік-логистика саласына аса мән беруге шақырды. Бұл салады цифрландыру тауар айналымына оң өзгеріс әкеледі деген сенімде.

Астана сондай-ақ, ортақ тарихты зерттеуге қатысты өзекті мәселе көтерді. Мұндай мәселе әлдеқашан шешімін табуы керектің. Алайда, ештен кеш жақсы. Қазір аймақтың ортақ тарихы жоқ. Интеграцияны болдырмай жатқан әр елдің жеке тарихы бар. Осы олқылықты түзеу мақсатында Орталық Азия елдері тарихшыларының тұңғыш форумын өткізу жөнінде бастама көтерілді.

Жылымыққа Ш.Мирзиёев себепші

Сөзсіз Шавкат Мирзиёевтің билікке келуі аймақтық интеграцияны жаңа деңгейге көтерді. Себебі, ол 2017 жылы Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесу өткізу форматын ұсынған болатын. Бұл формат өміршеңдігін көрсетті. Биыл міне, бесінші рет өтті. Тек коронавирус індеті кезінде ғана өткен жоқ.

Ташкентте сауда-экономикалық саладағы интеграцияға мүдделі. Ол үшін аймақта сауда-логистикалық байланысты нығайтатын бағдарлама қабылдауды ұсынды. Бастаманы жүзеге асыру мақсатында Шавкат Мирзиёев сыртқы саудаға жауапты министрлердің тұрақты кездесу механизмін ұсынды. Сонымен қатар, өндірістік кооперация, көлік байланысы, энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігі, климат өзгерісі мәселелерін көтерді.

Салыстыра қарайтын болсақ, Қазақстан мен Өзбекстанның аймақ интеграциясына қатысты көзқарасы ұқсас екеніне көзіміз жетеді.



Бішкек су мәселесін көтерді

Қырғыз елінің Президенті Садыр Жапаров климат өзгерісінен туындап отырған су және энергетикалық мәселелерге ерекше тоқталды. Оның сөзінше биылғы қыстың суық болуы мен жаздағы қуаңшылық су және электр қуатының тапшылығына себеп болған. Сондықтан аймақ елдерін осы мәселені шешуге атсалысуға шақырды.

Бұл мәселені шешу үшін 1998 жылғы Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан мемлекеттері арасында жасалған Нарын-Сырдария өзендерінің су және энергетикалық ресурстарын қолдану туралы келісімді қайта қолға алуды ұсынды.

Жалпы, су мәселесі аймақтың ең әлсіз тұсы. Биыл Өзбекстан мен Қырғызстанда қыс қаһарлы болды. Соның әсерінен Қырғызстанда жылыту маусымында электр қуатын көп тұтынды. Содан энергетика саласы суды көбірек жұмсады. Мұның әсерінен көршілер бізге жазда су берерде қиналды. Әсіресе, Жамбыл облысының диқандары бұдан зақым көрді. Келесі жылы мұндай жағдай қайталанбас үшін Қазақстан Үкіметі қыркүйектен бастап келесі жылы жылыту маусымы аяқталғанға дейін Қырғызстанға 1,5 млрд киловатт-сағат электр энергиясын бағыттайтын болды. Есесіне, жазда бауырлас ел бізді сумен қамтамасыз етпек.

Душанбені аймақ қауіпсіздігі алаңдатады

Тәжікстанның Президенті Эмомали Рахмон Ауғанстандағы жағдай туралы баяндады. Оның сөзінше аймақ қауіпсіздігіне ондағы әлеуметтік-экономикалық жағдай тікелей әсер етеді. Сондықтан гуманитарлық байланыстарды нығайтуды ұсынды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы ШЫҰ-ның аймақтағы қауіпсіздік мәселесін реттеудегі басты механизм екенін атап өтті. Қала берді, Эмомали Рахмон Орталық Азия елдерінің бірлесе әрекет еткенін қолдайтынын мәлімдеді.



Баку аймаққа ашық

Әзербайжан Президенті Ильхам Алиев биыл алғаш рет консультативтік кездесуге қатысты. Ол өз сөзінде ортақ тарихы бар бауырлас елдермен қарым-қатынасқа ашық екенін айтты.

«30 жылдан астам уақыт бойы тәуелсіз мемлекеттер ретінде екіжақты, әрі көпжақты байланыс орнатып, бір-біріміздің тәуелсіздігімізді, суверенитет пен территориялық біртұтастығымызды қолдап, экономикалық байланысты белсенді түрде дамытып жатырмыз», – деді Ильхам Алиев. Бұл сөздерді Таулы Қарабақ дағдарысы контекстінде айтқан сынайлы.



Ашхабад климат өзгерісіне алаңдаулы



Түркіменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовтің сөзі өзге аймақ басшыларының сөздерінен қысқа болуымен ерекшеленді. Бұл елдің сыртқы саясатта «оқшаулану» бағытын әлі ұстанатынын білдіруі мүмкін. Президенттің сөзінде аса мән беретін жайт бұл климаттың өзгерісі. Сердар Бердімұхамедов осы бағытта аймақтағы Арал дағдарысы мәселесін БҰҰ деңгейінде көтеретінін мәлімдеді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





● ПРЕЗИДЕНТ

1 МИЛЛИАРД ДОЛЛАР ИНВЕСТИЦИЯ

Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуға ықпал етеді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Америка Құрама Штаттарына жұмыс сапары басталды. Сапар аясында Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясы 78-сессиясының Жалпы дебатында сөз сөйлейді, сондай-ақ «Орталық Азия – АҚШ» саммитіне қатысады.

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар мемлекеттің басшыларымен, халықаралық ұйымдардың және трансұлттық компаниялардың жетекшілерімен кездесу өткізеді деп жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы Нью-Йорк қаласында Wabtec компаниясының президенті және бас атқарушы директоры Рафаэль Сантананы қабылдады. Кездесуде Қазақстанның теміржол саласын жаңғырту аясында Wabtec компаниясымен арадағы ынтымақтастық перспективалары талқыланды.

Рафаэль Сантана Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстанда сутегі технологиясын қолданатын локомотивтер мен олардың қосалқы

бөлшектерінің өндірісін іске қосу, инжиниринг орталығы мен технологиялық трансфертті ұйымдастыру үшін пысықталып жатқан инвестициялық жобалар туралы мәлімет берді.

Мемлекет басшысы компанияның көлік-логистика саласына шамамен 1 миллиард доллар инвестиция құю жоспарын құптап, мұның Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуға ықпал ететінін және басқа да инфрақұрылымдық жобалар үшін негіз болатынын атап өтті. Президенттің АҚШ-қа сапары аясында «Қазақстан темір жолы» «ҰК» акционерлік қоғамы мен Wabtec арасында стратегиялық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қойылды.



- Wabtec (Westinghouse Air Brake Technologies Corporation) Fortune 500 тізіміне кіреді, сондай-ақ ол көлік-логистика саласындағы жаһандық көшбасшылардың бірі саналады. Әлемнің 50-ден астам елінде компанияның филиалдары бар және онда 27 мыңнан аса адам жұмыс істейді.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Ренат БЕКТҮРОВ:

ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ БАСТАУЫ



Мемлекет басшысының Wabtec және Citigroup компанияларының жетекшілерімен келіссөздерінің нәтижелеріне тоқталсақ, Нью-Йорк қаласында екі кездесу өткіздік. Оның бірі – Wabtec корпорациясы, екіншісі – Citibank.

Wabtec корпорациясы негізі біздің елімізде 20 жылға жуық уақыт жұмыс істеп келеді, ол әлемдегі жетекші локомотив өндірушілерінің бірі. Бүгінде Астанадағы өндірісінде 1000-ға жуық жұмысшысы бар. Жаңа келісім-шарт – жаңа кезеңнің бастауы болмақ.

Citibankтің қаржыландыруы арқылы Wabtec компаниясы елімізге 240 жаңа локомотив жасамақ. Бұл Мемлекет басшысы қойып отырған орта коридор, орта дәлізді дамытуға үлкен септігін тигізбек. Келісім-шарт құны 900 миллион долларға тең. «Қазақстан темір жолы» компаниясының 15%-ға жуық локомотивтерін жаңартуға мүмкіндік береді. Бұл локомотивтер орта маршрутты дамытуға арналған. Яғни еліміздің транзиттік әлеуетін толық ашпақ, Citibank корпорациясымен несиелік келісім-шарт америкалық Эксимбанктің кепілдігімен қамтамасыз етілген, бұл жоба АҚШ Конгресінде де қарастырылады. Бұл Қазақстанның шетелдік инвестициялар үшін, оның ішінде АҚШ инвестицияларына да ашық әрі тартымды екенінің тағы бір дәлелі.

CITIGROUP ХОЛДИНГІ

Еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыратын бірқатар жобаны қаржыландырмақ

Мемлекет басшысы Citigroup компаниясының бас атқарушы директоры Джейн Фрейзермен кездесті.

Кездесу барысында америкалық қаржы холдингінің еліміздегі қызмет аясын кеңейту перспективалары талқыланды. Еліміздегі бірден-бір америкалық банк саналатын Citibank Kazakhstan – халықаралық инвесторлар, мемлекеттік сектор және ірі кәсіпорындар үшін жетекші серіктестердің бірі.

Мемлекет басшысы жуырда жариялаған Қазақстан халқына Жолдауы аясында Үкіметке осы саладағы бәсекелестікті арттыру үшін елімізге үш сенімді шетелдік банкті тарту міндетін жүктегенін атап өтті. Осы ретте Президент Астана халықаралық қаржы орталығының жаһандық инвесторлармен байланысын қамтамасыз ету және қаржы секторының цифрлық трансформациясын дамытуға атсалысу ісіндегі Citigroup компаниясының маңызды рөлін оң бағалады. Қазақстанның көлік-логистикалық әлеуетін арттыруға бағытталған бірқатар жобаны қаржыландыруға ниет білдіріп отырған Citigroup холдингінің алдағы жоспарын қолдайтынын айтты.

Әңгімелесу барысында макроэкономикалық болжамдар мен әлемдік қаржы нарығындағы негізгі үрдістер талқыланды. Кездесу аясында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен Citibank арасында Wabtec локомотивтерін сатып алу үшін қаржыландыруды ұйымдастырудың негізгі шарттары туралы келісімге қол қойылды.

● КЕРЕК ДЕРЕК

«Second Floor Strategies» консалтинг фирмасының президенті, геосаясат мәселелері жөніндегі сарапшы Уайлдер Санчес атап өткендей, АҚШ сауда палатасының америкалық-қазақстандық іскерлік кеңесінің маусым айындағы сапары Қазақстан үшін де, АҚШ үшін де аса маңызды болған.

Америкалық деректерге сүйенсек, екі ел арасындағы тауар айналымы 2022 жылы 3,7 млрд доллар болса, 2023 жылдың тек қаңтар-маусым айлары арасында ғана бұл көрсеткіш 1,9 млрд долларға жеткен. Екі ел үшін де сауда және инвестиция мәселелері аса маңызды. Бұл статистикалық мәліметтер Орта Азия бойынша Қазақстанның АҚШ үшін сауда саласындағы негізгі серіктес екенін айғақтайды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

● САРАПТАМА

ОРТА АЗИЯ – АҚШ САММИТІ:

5+1: Вашингтонның аймақтағы қадамы жиілейді

(Басы 1-бетте)

КЕЗДЕСУДІҢ БАСТЫ ТАҚЫРЫПТАРЫ

19 қыркүйекке жоспарланған саммиттің негізгі тақырыбы АҚШ пен аймақ елдерінің ынтымақтастығы болатыны бұған дейін де айтылған. Бір күн бұрын Ақ үйдің қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Джейк Салливан баспасөз жиынында саммит туралы кеңірек тоқталды. Салливан сөзінде: «Саммитте ел басшылары бірқатар мәселелерді талқылайды деп жоспарланған. Айталық, аймақтағы қауіпсіздік мәселесінен тартып, сауда байланыстары, климат өзгерісі, сондай-ақ, заң үстемдігін бекемдеу сынды негізгі тақырыптары бар», – деген.

Салливанның мәлімдегеніндей, АҚШ президенті Жо Байден мен Орта Азиядағы бес елдің жетекшілері жиын соңында ортақ келісімге қол қоюы да мүмкін. Егер АҚШ-тың Орта Азияға назар аударындағы ең негізгі себептерге жүгінсек, саммит барысында Ресейдің аймақ елдерін пайдаланып санкциядан жалтару мүмкіндігі, соған қатысты

шаралар, сондай-ақ, Қытайдың аймақ елдерімен жасасқан экономикалық келісімдері де сөз болуы мүмкін. Аймақ қауіпсіздігі тақырыбының аясында технологиялық, кибер-қауіпсіздік мәселерінің де сөз етілуі мүмкін.

АҚ ҮЙ НЕНІ КӨЗДЕЙДІ?

Қазақстанды қамтыған аймақтың қазіргі әлемдік жағдайда геостратегиялық маңызының арта түскенін айтып келеміз. Бұл шын мәнісінде, аймақтың қайталанбас географиялық орналасуынан келіп шыққан. Бүгінгідей ірі державалар арасындағы халықаралық жаңа тәртіпке деген ұмтылыс кезінде Орта Азия сынды Ресей, Қытай, Оңтүстік Азия, Ислам әлемі және Еуропа арасындағы көпір әрі буферлік аймақ екені барынша айқын көрінеді. Әрі бұл аймақта Америка Құрама Штаттарының ең негізгі стратегиялық бәсекелестері белсенділікке ие. Айталық, Ресей аймақта дәстүрлі ықпал етуші күш ретінде бағаланса, Қытайдың экономикалық, соған ілесе саяси ықпалы да өсіп келе жатқаны белгілі. Вашингтон

осы бір маңызды геосаяси аймақта өзінің позициясын алға жылжыту арқылы алдыңғы екі бәсекелесіне жауап беруді маңызды деп санайды. Себебі, ірі державалар арасындағы бәсекелестік қарым-қатынастар көбінесе олардың ықпал ету аймақтарындағы жүрістерімен бағаланады.

АҚШ пен Орта Азия елдерінің 5+1 форматындағы саммиті көп тараптың назарын аударды. Соның ішінде әлемдегі ықпалды ақпарат құралдары да бұл кездесудің мән-маңызы турасында өз пікірлерін жазып жатыр. Саммиттің алдында The Wall Street Journal басылымы тақырыпқа қатысты көлемді материал жария етіп, «АҚШ Орта Азиядағы стратегиясын дамытуы керек» деген уәжін келтірді. Басылымның халықаралық саясат пен экономикадағы ықпал-беделін ескергенде, бұл уәждің айтылуы бекер емес. Аталған іскерлік басылым Вашингтонның тамырын тап басып тауып отыр. Бұларды жинақтай келе, Құрама Штаттар аймақтағы өз әріптестеріне қарсы қадамдарын алға жылжытып, Орта Азияға деген назарын арттыра түседі деп болжай аламыз.

АЙМАҚҚА ЫҚПАЛ ЖАСАУ БАҒДАРЫ

Аймақ елдерінің сыртқы саясаты негізінен бір ортақ бағытын тапқан. Көбінесе сыртқы күштер арасындағы теңгерімді сақтау арқылы аймақтық ортақ мүддені қорғауға тырысады. АҚШ-тың аймаққа назар аударуы бұрынғыдан күшейген тұста, қалайда Орта Азиядағы ірі ойыншылар ортасындағы бәсеке қыза түсетіні анық. Бұл Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан мен Тәжікстанды қамтыған геосаяси кеңістікке жаңа сын қатерлермен келеді. Ең алдымен, осы елдер үшін сыртқы күштер теңгерімін сақтаудағы қиыншылықтар алға шығады. Өзіне іргелес жатқан ірі державалардың мүддесі мен жаһандық ірі ойыншы ортасындағы мүдделерді теңестіру бұрынғыдан қиындай түседі.

Бұл, әрине, белгілі деңгейде аймақ елдерінің ішкі интеграциясына да оң әсер беретінін көреміз. Себебі, сыртқы ойыншардың басым көпшілігі Орта Азиядағы бес елді жеке-жеке қарастырудан көрі бір ортақ геосаяси алаң ретінде қарастыруы осы елдердің ортақ

мақсатқа жұмылуына жағдай жасайды. Аймақ елдерінің жетекшілері Нью-Йорк сапарынан бұрын Душанбеде бас қосқаны белгілі. Онда тікелей алдағы саммит сөз болмағанымен, бірқатар мәселе бойынша тиімді пікір алмасу орайына ие болды. Аймақтағы және аймақтан сыртқары кезектескен мұндай үрдістер ішкі интеграцияны жеделдетуге ықпал етіп жатыр.

Ал сыртқы ірі ойыншылар Қазақстанды аймақтағы көшбасшы ел ретінде көретіні анық. АҚШ болса өзінің Ауғанстандағы іс-қимылдарына орай Өзбекстанға айрықша мән беріп отыратынын да білеміз. Бірақ қазіргі болып жатқан үрдіс аймақтың көшбасшылығын анықтауда емес, мәселе сыртқы жағдайларға байланысты ортақ ұстанымды қалыптастырудың маңызында. Бұл жағында аймақта Астана мен Ташкенттің пікір бірлігі шешуші рөл атқарады.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





ЖОЛДАУ – 2023



Сапарбай ЖОБАЕВ,
экономист, қаржы сарапшысы:

Ұлттық элитаны қалыптастыру – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Жемқорлық пен парақорлық дертінен айығудың бірқатар тетігі бар

Қазақстанда бірқатар игі өзгерістер орын алып жатыр. Жаңа әрі тың бастамалар көтеріліп келеді. Халықтың әлеуметтік тұрмысын жақсартатын бірқатар бағдарламалар қабылданды. Ендігі кезекте осы межені іс жүзінде іске асыра беру қажет. Қоғамдағы ой-пікірі терең, әлеумет пен әлеуеттің қамын білетін жандарды тыңдаған абзал.

Адал атқаратын іс көп

Біз үш дәуірді көрдік. Кеңестік кезең, дербестік алған шак, бүгінгі заманды бастан кешіріп жүрміз. Осы күнімізге шүкір деуіміз қажет. Қазақстанның қазіргі жағдайы, алға қойған бағыты барлығы жақсы.

Мемлекет басшысының Жолдауында 18 бағытта экономикалық бағдар берілді. Су, жарық, тау-кеннен туризмге дейінгі жоспарлар қамтылды. Осыны іс жүзінде тыңғылықты атқарсақ, экономиканың жаңа тынысы ашылатыны сөзсіз. Макроэкономикада тез шешу қажет бірнеше проблема бар. Орта табысты місе тұта берсек, ары қарайғы даму қиындап қалады. Дүние жүзінде «ОЭСР» деген бай-дәулетті елдердің қоғамы бар. Соған 30 дамыған ел кіреді. Біз солардың қатарына енуге талпынып жатырмыз. Олардың негізгі талабы бойынша бизнесте 10–15% мемлекеттік үлесі ғана болып, қалған 85–90% кәсіпкерлерге мүмкіндік беру керек. Халықтық IPO деген дүние айтылды. Осыған дейін де «КазМұнайГаз», «КазТрансОйл» және т.б. ірі квазимемлекеттік мекемелердің 5–6%-ы сатылды. Қалғанын олигархтар қолында ұстап қалған-тұғын. Жекеменшік ретімен жүзеге асуы керек. Бізде экономикада мемлекеттің үлесі 60% болса, жекеменшік 40% ғана. 2006 жылдары ол 50/50 еді.

Сонымен қатар, жерді дикандарға берейік. Ауылдан жастар кетіп жатыр. Неге? Себебі, жер ала алмайды. Қазақстанның жері кең дейді. Қайда сол? Жер – латифундист, бай-бағлан мен қолында күші бар адамдарда. 500–1000 гектардан жер телімдерін алып алған. Олардың көбісі қалада тұрады. Ауылдағы диканға беруге ниетті емес. Кейіннен сол жерді бөлікке бөліп, жердің о бастағы мақсат-мүддесін құжат жүзінде өзгертіп сата береді. 102 миллион жер ауыл-шаруашылық мақсатта пайдалануға жарамды. Соның 2%-ы ғана қарапайым халықтың қолында. Кезінде тағы 2% қосып шаруаларға бермекші еді, жұрт шулап қоя берді. Оның арты немен біткені айтпаса да белгілі. Бүгінде құзыреттілер жерді ешнәрсеге қарамай оңды-солды сатып жатыр. Былайша айтқанда, мал жаюға жер жоқ деген өте ұят нәрсе.

Саяси өзгерістің ең негізгісі – еркін сайлау. Үстіміздегі жылы 29 депутаттық мандатқа еркіндік берген еді. Сең қозғалды. Бірнеше мықты азаматтар Парламентке келді. Дегенмен, «жалғыздың шаңы шықпас» дейді. Сайлау түзелсе, көп іс алға жылжитын еді. Нағыз халыққа жанашыр депутаттар бірлесіп коалиция құрып, біраз шаруаны тындырар еді.

Элитаның тәрбиеленуі басты назарда болса екен. Егер элита жең ұшынан жалғасқан былыққа батып тұрса, көпшілікті мың рет тәрбиелегенмен түк шықпайды. Antikor, «Ревизиялық комиссия», «Қаржы мониторингі», «Аудиторлық палата», бәрі-бәрінің ісі әуре-сарсаң болып қалады. Элитаның жемқорлықтан бойын аулақ ұстап, құлан-таза парақорлық дертінен айығуы үшін бірқатар тетіктерді қарастыра аламыз. Дәлірек, жоғарыда аталған ой-пікірлерді топтап, квазимемлекеттік меншікті азайтып, еркін сайлау өткізіліп, жер халықта болса дейміз. Сонда ғана элита тәрбиеленіп, қалыптасады. ҚХР жыл сайын 2 мың адамды ату жазасына кеседі. Соның өзінде пара беру мен алу бітпейді. Қытайлықтар реформатор Дэн Сяопин реформаларын жасап жатыр. Еуропада біреу параға барса, барлығы көтеріліп, көшеге айғайлап шығады. Біз де жемқорлықты қалай да жеңуіміз керек.

Алаяқ қаржы ұйымдарын тежейік

Халықты толғандырып отырған мәселе, ол – қаржы пирамидалары. Мұны ашық айтып, түйткілін тарқату қажет. Бұны 2-3 адам бірлесіп алып, істей алмайды. Бұндайдың артында үлкен күштер тұрады. Бәзбіреулер қаржы корпоратив жасап, оған кеңес беруін сұраса, ондайға кеңес бермек түгілі, жоламау қажет. Ондай болмағырлардың

жақын келеді. Қазір Польша жақсы дамып жатыр. АҚШ-та тек қана күшті болсаң күн көресің. Әлгі аталған елдер әлсіздерге жәрдемдеседі.

Ақшаны көп табатындар мен еден жуушының прогрессивті салығы бірдей. Бәрінде – 10%. Осыны қайта қарайық. Мәселен, бай-бағландар 35–40% салық төлейді. Америка Құрама Штаттарында 30–40%-ға жуық бюджеттік табыс жеке адамдардың салығынан түседі. Дамыған елдерде кәсіпорындар 15% төңірегінде салығын төлеп, жұмысын жандандыра береді. Ал бізде кәсіпорындарды сондай қинап 30–35% салық төлетіп қойған.

Айлығы 500–700 мың теңгеден жоғарылар 15% салық төлесін. Осы көрсеткіштен төмендер 2 есе аз төлесін. Сондай-ақ, 1-1,5 миллионнан асқандар 20%, 2 миллион теңгеден жоғары жалақы алатындар 25% салық төлесін. Сонда бәрі әділ болады ғой.

Байтақ жер қуатын пайдаланайық

Біз де су, жарықты көп ойлап алаңдап отырмыз. Траншекаралық өзендердің бастауы сырт жақта. Қырғыздар да өзіне электр жарығын өндіретін орталық салып жатыр. Ауғандар да Әмударияның 25% суын тартатын арна қаза бастады. Бұның салдары айналасындағы көршілеріне тиеді. Біздің де алаңдайтын жөніміз баршылық. Сонымен қоса, тығырықтан шығатын жол да жетерлік. Нақтырақ, арқамызда тұрған Ресейдің кең байтақ жері, мол суы қуатты энергия көздері болып табылады. Владивостокта жанған тоқтың қуаты сөнсе, Калининградта қайта жанады. Өзен-көлдері жетіп жатыр. Сарқылмайтын су ресурстары бар. Ресеймен Құдай қосқан көршіміз, солармен келісіп су, жарық мәселесін шешсек болады.



Кезінде Ертіс–Қарағанды арнасы қазылды. Соны ақырындап күшейтуіміз қажет. Білетіндер Кәрім Мыңбаев деген ғұлама ғалымның бетпақдаланың астындағы мұхит суын пайдалану керек деген сөзін айтып жүр. Жерасты суларын егін-тегінге пайдаланып та жатыр. Жалпы гидрология саласындағы ғалымдардың еңбегін өндіріске пайдаланатын кез туды.

Қандастарға мүмкіндік берсек, өнеркәсіп өркендейді

Негізі оралман деген сөздің астары терең, жақсы сөз. Қазақстанға қандастарды көптеп әкелу керек. Өзім Өзбекстанға жиі-жиі ат басын бұрып тұрамын. Осы уақытқа дейін келемін дегендердің біразы келіп болды. Келмейтіндердің көбісінің жағдайы жақсы немесе ата-бабасының жатқан жерін қимайды. Сол жақтың идеологиясы сіңіп, орала алмай жүргендер де бар. Тағы бір себеп – келейін десе, қолында қаржысы жоқ. Яғни жағдайы көтермейді. Міне, нақ сол Қазақ еліне келгісі келіп ынтасы ауып, бірақ әлеуметтік жағдайы жетпей отырғандарды тезірек көшіріп әкелу керек. Солтүстік өңірлерде үлес салмағымыз

артсын десек, қандастарға жағдай жасап, сонда қоныстандырайық. Сырттан келген ағайындарға ауыл салып, үй-жай берген абзал. Сондай-ақ, баспана, мал-мүлік береміз деп айта беру қажет. Уәде еткен нәрсені іс жүзінде істеп, шеттен келген қазаққа құшағымызды жаю қажет болып тұр.

Халықтың санының артқаны экономиканы ұлғайтады. Уағында Шыңғыс хан, Әмір Темір өзге ел мен жерді жаулауының себебі жетерлік. Негұрлым алып аумақты иеленсе, халқы көп болса, қазынаға салық мол түсетін болған. Осының арқасында логистиканы еркін жүргізе береді. Жұртты бір заңмен басқара алады. Сол үшін ата-бабаларымыз империялар құрып отырған. Қазақта «Бөлінгенді бөрі жейді» дейді. 2 мың әскермен Ермак бізге шабуылдады. Алтын орда құлады. Черняев Орталық Азияны басып алды. Осының бәрі бірліктің болмай, мың қырыққа бөлініп кеткеннің салдары. Сондықтан тарихтан сабақ алып, етек-жеңімізді жинап, экономиканы дамыта берген дұрыс.

Әзірлеген
Олжас
ЖОЛДЫБАЙ.



Капитализмге көшудің өз жолы бар

Нарықтық экономика дегеніміз – еркін баға. Жабайы капитализмнің жолына түсіп кеттік. Негізі Канада, Норвегия, Финляндия, Швеция сияқты дамудың даңғыл жолына түсіп алу шарт. Әлеуметтік жағынан тура келетін Солтүстік Еуропа мемлекеттері болып саналады. Климаты да



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Президент тапсырмасы: ЖАСТАР ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Еліміздің жастарын жұмыспен қамтып, олардың қандай да бір мамандықты игеруі қазіргі кезде өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Жұмыссыз жастардың қатары артқан сайын, қоғамда түрлі тәртіпбұзушылық, ұрлық-қарлықтың белең алатыны белгілі. Сондықтан мемлекет жастардың қандай да бір мамандықты игеріп, нақты маман болып шығуына барлық жағдайды жасап отыр. Бұл тұрғыда қазір жастарды техникалық және кәсіптік біліммен қамту үшін жүйелі жұмыстар жүргізіліп, арнайы жоба іске асырылуда.

Бұл арада оқушы колледж базасында кәсіптік даярлаудан өтіп, жалпы білім беретін пәндерді дәстүрлі түрде мектеп базасында игеретін болады. Жаңа жоба нәтижесінде 11-сынып бітірген оқушы мектеп аттестатымен қатар, колледж дипломын да алып, еңбек нарығына шығуына болады.

Студенттердің әлеуметтік жағдайын жақсарту – басты міндеттердің бірі. Биылғы жағымды жаңалықтың бірі – сырттан келіп оқитын студенттер қысқы және жазғы каникул кезеңінде құжаттарын растамай-ақ жол жүру ақысын алатын болды. Бұған дейін колледж студенттері жол жүру ақысын тиісті құжаттарын тапсырғаннан кейін ғана алатын. Техникалық және кәсіптік білім алушы студенттердің 80%-ы еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін білім алып жатыр. Алдағы уақытта да колледждерге түскен талапкерлер тегін біліммен қамтылатын болады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, биылғы 1 қыркүйектен бастап, колледж студенттерінің стипендиясының мөлшері – орта буын мамандықтары бойынша 20 948 теңгеден 31 422 теңгеге дейін, жұмысшы біліктілігі бойынша 21 787 теңгеден 32 681 теңгеге дейін көтерілді.

болса, ол биыл да жалғасын тауып отыр. Осылайша 2025 жылға дейін мемлекеттік тапсырыс көлемі 150 мың орынға дейін ұлғая бермекші. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, техникалық мамандықтар бойынша жастарды кәсіптік біліммен қамту әлі де жалғаса береді. Мәселен, жыл сайын кәсіпорындардың тапсырысы бойынша 10 мың талапкерді қабылдау жоспарланса, 2030 жылға дейін 80 мың студент қамтылмақшы. Бұған қоса, тапсырыс беруші кәсіпорындар іс-тәжірибені ұйымдастыру және түлектерді одан әрі жұмысқа орналастыру бойынша міндеттемені де өздеріне алатын болады.

Сондай-ақ, биылдан бастап жоғары сынып оқушыларына жұмыс біліктілігін беру бойынша пилоттық жоба іске қосылып отыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Бұл ретте тығырықтан шығудың ең төте жолы – сұранысқа ие мамандарды даярлау. Сондықтан елімізде еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша жастарды қамтып, НЕЕТ санатындағы жастардың санын қысқарту мақсатында 9 және 11-сыныптар базасындағы оқуға түсушілерді тегін техникалық және кәсіптік біліммен 100% қамтып отыр.

Биыл мемлекеттік тапсырыс 50 мыңға ұлғайып, колледждерге 130 мыңнан астам жас тегін қабылданды. Мәселен, өткен жылы әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан 75 мың талапкер колледждерде мемлекеттік гранттарға ие

ЖӘРМЕҢКЕ

ІЗДЕГЕН ЖАНҒА ЖҰМЫС БАР!

Алматыда жалпықалалық бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті

Әлеуметтің еңбек өнімділігін арттыру мен жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін мемлекеттің тарапынан ұдайы бағдарламалар ұйымдастырылып келеді. Соның бірі – бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі. Алматының Арбатында ұйымдастырылған маңызды іс-шараға біз де қатысып қайттық.



Құралай
ЖҰМАДИЛОВА

Іс-шараға мегаполистегі түрлі салалардағы 160-тан астам жұмыс беруші кәсіпорын қатысып, 2000-нан астам қатысушыға 200-ден астам бос жұмыстарын ұсынды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, құрылыс, білім, медицина, сауда, көлік-логистика, қаржы салаларындағы ұйымдар қатысқан жәрмеңкенің мақсаты – оқу орындарының түлектері мен түрлі ізденушілерге жұмысқа орналасуға көмектесу.

Алматы қаласының Еңбек ұтқырлығы орталығының директоры Сағындық Кенжебаевтың сөзінше, өткен жылы қалада 7 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылған.

– Қала күні қарсаңында өтіп жатқан бос орындар жәрмеңкесін Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен қалалық Еңбек ұтқырлығы орталығы ұйымдастырып отыр. Мұндай шаралар жұмыс берушіге де, жұмыс іздеп жүрген азаматтарға да үлкен мүмкіндік береді. Мәселен, жұмыс іздеп жүрген адам өзінің түйіндемесін бірнеше жұмыс берушіге ұсына

алады. Жұмыс берушілер де жәрмеңке арқылы өздеріне қажетті маманды тез табады. Бүгінгі іс-шараға есепте тұрған барлық жұмыссыз азаматтар, жоғары оқу орындары мен орта оқу орындарының түлектері, пробация қызметтерінде есепте тұрған адамдар, жетім балалар, т.с.с. азаматтардың барлығы шақырылды. Өткен жылғы тәжірибемізді ескере отырып, биыл 10 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтуды жоспарлап отырмыз. Жұмыс іздеп, жәрмеңкеге келген әрбір азаматқа тұрақты жұмысқа орналасуына тілекшімін, – дейді С.Кенжебаев.

Жәрмеңкеге жас та, жасамыс та көп келіпті. Төбесін күннен көлегейлейтін әдемі шатырлардың астына жайғасқан кәсіпорын мамандары үстелдеріне жақындаған жұмыс іздеушілердің барлығына жылы шырай танытып, сұрақтарына жауап беруден жалығар емес. Ал қолдарындағы түйіндемелерін ұсынып, мамандығы бойынша жұмыс іздеген жандар олардың кеңестерін тыңдап, алдын ала әңгімелесуден өтуде.

Жәрмеңке барысында жұмыс ұсынған кәсіпорындар жәрмеңкеге қатысушыларға өздері шығарған сусын, азық-түлік өнімдерін тегін таратып, қаламсап, қойын кітапшаларын сыйлық ретінде ұсынды.

Береке белсендіге бітеді. Қазір «алма піс, аузыма түс» дейтін заман емес. Демек, біз берекені көктен емес, еткен еңбектен тілейтін халықтың ұрпағымыз. Ендеше, жәрмеңкеге қатысып, тұрақты жұмыс табуға мүмкіндік мол. Бос жұмыс орындары туралы әлеуметтік желі арқылы да, газет арқылы да білуге болады. Өйткені, іздеген адамға жұмыс бар...



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

ЖҰРТШЫЛЫҚҚА ЖАЙЛЫ ЖОБА

аясында қалалық ортаны
дамытуға 400-ден астам
өтінім түсті

Алматыда аудан аумағын дамыту мен абаттандыруды көздейтін «Халық қатысатын бюджет» жобасының аралық қорытындысы шықты.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Биыл 1 қыркүйектен бастап тұрғындардан budget.open-almaty.kz интернет порталына 682 ұсыныс түскен. Өтінім 20 қыркүйекке дейін қабылданады.

Бастамалардың көбі Жетісу (218), Наурызбай (148), Алатау (124), Алмалы (45) және Түрксіб (44) аудандарының тұрғындарынан келіп түсті.

Алматылықтардың ұсынысы негізінен балалар мен спорт алаңдарын салу немесе жөндеу; қоғамдық орындарда беседкалар, орындықтар, қоқыс жәшіктерін орнатуға; аумақты көгалдандыруға, тротуарларды, арықтар мен пандустарды салуға және жөндеуге қатысты болды.

Ұсыныстарды тұрғындар budget.open-almaty.kz интернет порталы арқылы өздері ұсынған. Ол үшін тіркеліп, өтінімді толтырып, жобалық ұсыныстың атауы мен құнын, сипаттамасын, нысанның мекенжайын көрсетіп, ұсыныстың нобайы мен сметасын (шамамен есептелген) тіркеу қажет.



Жобалық ұсыныстар келесі санат пен критерийге сәйкес келуі керек:

- 1) көгалдандыру;
- 2) тротуарларды жайластыру;
- 3) тротуарларды, пандустарды, арықтарды салу және жөндеу;
- 4) ортақ пайдаланылатын орындарды (саябақ, сквер, жаяу жүргіншілер аймағы, көше және т.б. нысандарды) құру, жөндеу және жарық тарту;
- 5) жиектастарды, кеспе тастарды, тіреуіш қабырғаларын жөндеу;
- 6) күресіндерді жою;
- 7) балалар ойындары мен ересек тұрғындардың демалысына арналған беседка, орындық, қоқыс жәшіктерді, жабдықтар мен конструкцияларды жалпы пайдаланылатын орындарда орнату және жөндеу;
- 8) аула аумақтарында және жалпы пайдаланылатын жерлерде спорт алаңдарын (тренажер алаңдарын, футбол, баскетбол, волейбол алаңдарын), балалар ойын алаңдарын орнату, жөндеу және жарық жүргізу;
- 9) тазалықты қамтамасыз ету.

Бір жобалық ұсынысты іске асырудың құны 86,2 млн теңгеден (25 мың АЕК) аспауға тиіс. Бір автор бір жобаға өтініш бере алады. Сонымен қатар, бұл жалпы пайдалану нысаны болуы керек және оны жүзеге асыру сол аумақ тұрғындарына маңызды болуы керек әрі жеке коммерциялық сипатта болмауы керек.

Өтінім қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін қала тұрғындарының барлық жобалық ұсынысын әрбір аудан әкімдігі жанынан құрылған сараптамалық комиссиялар қарайды. Сараптамалық комиссиялардың құрамын 2023 жылғы «Жобалар бойынша материалдар» бөлімінен көруге болады.

Сараптамалық комиссиялардың бағалау нәтижесі бойынша «Халық қатысатын бюджеттің» критерийіне, санаты мен шартына сәйкес жобалар дауыс беру кезеңіне дейін жіберіледі. Қала үшін ең басым жобалар үшін онлайн дауыс беру осы жылдың 13–23 қазан аралығында өтеді.

«Халық қатысатын бюджет» бойынша кеңесті аудан әкімдіктерінен немесе Open Almaty әкімдігінің қоғамдық қабылдау бөлмесінен мына телефон нөмірлері арқылы алуға болады:

224-39-29 (ішкі 203, 127), 1308.



ТУҒАН КҮНІҢМЕН, АЛМАТЫ!

МЕРЕКЕЛІ, БЕРЕКЕЛІ МЕГАПОЛИС

Бұл күні Алматының ауа райы да жанға жайлы, жып-жылы болды. Таңы арайлап атып, күні күлімдеп шықты. Тау етегіндегі алып шаһардың орталығы Абай алаңына ағылған қала тұрғындарының жүзінен шаттық нұры есіп, мерекелік көтеріңкі көңіл күйде екені байқалады. Жыл сайын қыркүйектің үшінші жексенбісінде тойланатын дәстүрлі Қала күні мерекесі Абай алаңынан бастау алып, ашық аспан астында «Туған күніңмен, Алматы!» деп аталатын әдеби-сазды бағдарламамен басталды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Алаң төріне Алматының өткені мен бүгінгі бейнелеген көрме ұйымдастырылған. Осынау көркем көрмені тамашалаған жұртшылық сырға толы жәдігерлерден еш баяндаусыз-ақ кешегі Алматының келбетін танып жатты. Әрбір жылдардағы ару Алматының тарихы «сөйлеген» осынау көркем көрмеден қаланың қариялары жастық



шақтарын еске алып, бір жасап қалды. Театрландырылған көрме төрінде Ғ.Мүсірепов атындағы жастар театрының актерлері атақты «Тақиялы періште», «Біздің сүйікті дәрігер» фильмдерінен үзінділер көрсетіліп, тұрғындар театр тарландары К.Демесінов пен Л.Кәденовамен жүздесіп үлгерді. Алматыда өндірілген өнімдердің көрмесі де көпшіліктің көңілінен шықты. Енді бір бұрышқа жайқасқан балғын бояу шеберлері қарашығына сыйдырған қаланың сұлулығын қалам тілімен айшықтап жатса, аңыз-ертегі кейіпкерлерін ортаға алып, суретке түсіп жатқандар да жетерлік. Қайырымды қаланың тұрғындары да қонақтары да мейірімді, қонақжай кейіп танытып жатыр. Осылай басталған мерекені Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев ашып, барша тұрғындарды ізгі тілегімен құттықтады.

— Алматы — баршамыздың сүйікті қаламыз. Осынау сүйікті қаламыздың көркейіп, қанатын кеңге жайып, дамуы жолында сіздердің де қосып отырған үлестеріңіз зор. Тәуелсіздіктің бесігі атанған Алматының өркендеуіне үлес қосып жатқан әрбір қала тұрғынына алғысым шексіз, — дей келе, шаһар

басшысы ұзақ жыл еңбек етіп, Алматының дамуына зор үлесін қосқан бір топ азаматқа «Алматының Құрметті азаматы» атағын табыс етті.

Олардың қатарында Алматыны әнмен тербеген, қазақ өнеріне өлшеусіз үлес қосқан атақты «Дос-Мұқасан» ансамблі, мемлекет және қоғам қайраткері Сәт Токпақбаев, ғалым-антрополог Оразақ Исмағұлов, танымал суретші, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Алпысбай Қазығұлов, Қазақстанның халық әртісі Жәния Әубәкірова, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Хакип Уәлиев, ғалым-математик, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Асқар Жұмаділдаев, еңбек сіңірген жаттықтырушы, спорт ардагері, атақты қақпашы Құралбек Ордабаев, «Акушерлік, гинекология және перенатология» АҚ Директорлар кеңесінің төрайымы Зәуреш Аманжолова, қоғам қайраткері Мұрат Әбдішүкіров сынды Алматыға өлшеусіз еңбегі сіңген азаматтар лайықты бағаларын алды.

Дәл осы күні өзінің туған күнімен қатар, Қала күнін тойлап отырған ел ағасы Сәт Токпақбаев ерекше толқып тұрғанын жеткізді.

— Алматы — менің бүкіл өмірімнің куәсі десем болады. Осы қалада өмірге келіп, ержеттім. Өмірдің барлық бел-белесінен өттім. Алматы гүлденіп, көркейген сайын мен де марқайып отырамын, — деді генерал-полковник.

— Алматыға 1972 жылы бозбала шағымда келген едім. Күні бүгінге дейін сүйікті қаламның тұрғынымын. Осы Алматыда балаларым дүниеге келсе, немерелерім де қаламыздың кішкентай тұрғындары. Бұл атақ маған емес, бүкіл «Дос-Мұқасан» тобының еңбегіне берілген баға. Біздің ансамбльдің репертуарында Алматыға арналған бірнеше әндер мен композициялар бар. Ансамбльдің мерейтойлық концертін де осы Алматыда бастап, бүкіл Қазақстанды аралап шықтық. Өлі де Алматыны әнге қосып, талай туындымызды арнайтын боламыз, — деді Қазақстанның халық әртісі Мұрат Құсайынов.

Мереке барысында «Сағындым, Алматымды» халықаралық ән байқауының жеңімпаздары да құттықтап, өз өнерлерін тарту етті. Қала қонақтары мен тұрғындарына алмадан жасалған өнімдер ұсынылды.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ФЕСТИВАЛЬ

АЛМАФЕСТ

Тұңғыш Президент саябағында екінші жыл қатарынан Almafest фестивалі өтті.

Досбол
АТАЖАН

Қала әкімдігінің ұйымдастырумен жасыл желек пен әсем гүлдер жайқалған шаһарымыздың ең үлкен саябақтарының бірінде Алматы күніне орай дәстүрлі Almafest фестивалі өтті. Саябақ аймағы кіреберістен оның түкпіріне дейін үлкенді-кішілі алма мүсіндермен, әуе шарларымен және алмаға байланысты әртүрлі жазу, фотоаймақтармен әсемделді. Сондай-ақ, саябақтың бір бөлігінде

Алматыдағы өзге мемлекеттердің консулдық орталықтары ұйымдастырған көрме және көше дәмханалары орналасты. Ал парктің өзге аймақтарында белсенді демалысқа арналған ойын алаңдары мен көпшілікке ашық аспан астында фильм көруге мүмкіндік беретін киноаймақ ұйымдастырылды. Айта кеткен жөн, киноаймақтағы үлкен Led-экран арқылы «Тақиялы періште» сынды қазақ киносының алтын қорына енген фильмдер көрсетілді.

Одан бөлек, саябақ аймағында неше түрлі спорттық жарыстар мен бағалы сыйлықтары бар конкурстар өтті. Кішкентай балалар үшін арнайы шақырылған аниматорлар жұмыс істеді. Ал парк қақпасының алдында сахна құрылып, онда еліміздің танымал әншілері өнер көрсетті. Іс-шараға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев келіп, әр алаңға арнайы барып, көпшілікті Қала күнімен құттықтады.



ЦИРК

«МАМОНТ ЖЕРІ»

сахалықтар тарихын баяндайды

Якутия циркі алғаш рет елімізге гастрольдік сапармен келді

Қазақ мемлекеттік циркінде Саха Республикасының цирк әртістерінің этно-шоуын таныстыруға арналған баспасөз конференциясы өтті. Қала күніне орай ұйымдастырылған іс-шараға Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Наилия Мулюкова, Саха Республикасының Мәдениет және рухани даму министрі (Якутия) Юрий Куприянов, Марфа және Сергей Расторгуев атындағы Якутия мемлекеттік циркінің директоры Сергей Расторгуев, гастрольдік топтың жетекшісі Александр Посельский, гастрольдік труппаның жетекшісі және цирк әртісі Роман Романов қатысып, журналистердің сұрағына жауап берді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА



Одан соң саха халқының шығу тегі туралы баяндалатын «Мамонт жері» атты цирк шоуын ұсынды. Бұл – саха халқының

көне заманнан бергі тарихы, мамонттардың жер бетінде мекендеген кезі, керемет табиғаты мен жануарлар әлемі туралы қо-

йылым. Балалар үйінің тәрбиеленушілері, әлеуметтік осал отбасылардың балалары бірінші болып тамашалады.

Бұл этно-шоу үшін арнайы 200 эксклюзивті авторлық костюм, сәнді барьерлер мен декорация жасалған. Түрлі жанрдағы 60-тан астам цирк әртісі, сондай-ақ жарық эффектілері мен динамикалық музыка қолданылды. Саха Республикасының Мәдениет және рухани даму министрі Юрий Куприяновтың айтуынша, цирктің ең басты мақсаты – саха халқының мәдени құндылықтарын, дәстүрін насихаттау, Қазақстан мен Якутия арасында мәдени қарым-қатынасты нығайту. Сондай-ақ, министр екі ел арасындағы рухани құндылықтарды дамыту мақсатында цирктер мен киностудиялар арасында келісім-шарт жасалатынын айтты.

Гастрольдік бағдарламада Якутиядан келген әртістер көрерменді саха халқының мәдениетімен, тарихымен және ертегілерімен таныстырды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл шоуға халықаралық деңгейдегі кәсіби әртістер тобы жұмыс істеді. Марфа және Сергей Расторгуев атындағы Якутия мемлекеттік циркінің директоры Сергей Расторгуев цирк биыл гастрольдік сапармен Астана, Шымкент қалаларында да өнер көрсететінін, ал 2024 жылдың мамырында Қарағанды қаласында болатынын айтып өтті.

Қойылымның алғашқы минуттарында

көрермен мамонт жетектеген бақсының гауһар тастарының дыбыстары арқылы мамонттар мекендеген ежелгі темір дәуіріне енеді. Гимнастар, акробаттар, эквилибристер мен жонглерлер ерекше шоу ұсынды.

Өнерпаздардың сахналық киімдері мен реквизиттердің шынайылығы сондай, сахалықтардың ұлттық ерекшеліктерін бірден аңғаруға болады.

«Саха Республикасының мемлекеттік циркінің гастрольдік сапары Қала күнімен тұспа-тұс келгеніне қуаныштымыз. Цирк өнерпаздарының біразымен бұрыннан таныспыз. Өздеріңіз білетіндей, жақында Алматыда Халықаралық цирк өнері фестивалі өтіп, сахалық әртістер бірінші орын алған еді. Сондықтан бұл этно-шоудың алматылықтар мен қала қонақтарына ұнайтыны сөзсіз», – деді Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Наилия Мулюкова.

Саха Республикасының Мәдениет және рухани даму министрі Юрий Куприянов бастаған делегация Алматыда гастрольдік сапардың басталуына ерекше мән берген. Ол цирк Алматыда бір ай бойы жұмыс істейтінін атап өтті. Сонымен қатар, «Сары-Арқа» кинотеатрында якут киносының күндері басталады. 20 қыркүйекке дейін күн сайын сағат 19.00-ден бастап якут киносының үздік топтамаларының тегін көрсетілімдері өтеді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

БІР ӨКІНІШ,
БІР АРМАН...Бір өзі бір академияның жұмысын атқарған
Нұртас Оңдасыновтың өмірі талайға үлгі еді

1989 жылдың күзінде қазақ халқының абзал перзенттерінің бірі жалған дүниені артқа тастап, бақилық сапарға аттанды. Бүкіл ғұмырын елінің ертеңіне арнаған ақтаңгер азамат туған жерден жырақта көз жұмған. Мәскеуде. Небәрі 34 жасында еліміздің Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болған бұл абзал жан Нұртас Оңдасынов еді.

Ұзақ жылдар бойы ел тізгінін қолына ұстаған ол Қазақстан экономикасы мен ғылым-білімінің, тұтас мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосты. Үлес қосты деу бер жағы ғана. Себебі, бұл сөз Оңдасыновтың еліне сіңірген еңбегін толыққанды көрсете алмайтын сияқты.

Нұртас Дәндібайұлының кезінде Қазақстан картасында жаңа қалалар пайда болды. Кентау, Теміртау, Қаратау сияқты қалалардың атын атау Нұртастың есімін айтқанмен бірдей. Шағын қалалар – өндіріс ошақтары түтін түтетті. Еліміз экономикасына жан бітті. Бірақ Оңдасынов орта жолда тоқтаған жоқ. Бар зейін-зердесімен ел ішіне үңілген. Ол кезде қазақтың атын әлемге танытар ақиық-сұңқарларымыз ел ішінде жүр еді.

– Нұртас Дәндібайұлы еңбек сіңірген үлкен бір сала – ғылым саласы. Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып тұрған кезінде рухани мәселелерге ерекше көңіл бөлді. Елімізде Ғылым академиясының құрылуы, оған Қаныш Сәтбаевты табуы, оны бекітіруі бірден-бір осы Нұртастың еңбегі. Сондай-ақ, ел ішінен Жамбылды тауып, оның Жамбыл Жабаев болып көтерілуіне, сонымен бірге оның Ленинград пен Грузияға баруына Оңдасыновтың жекелей көмегі көп тиді. Ел үшін жасалған осындай игі шаруалардың бәрі Нұртас Оңдасыновтың есімімен тікелей байланысты болды, – дейді Оңдасыновтың рухани інісі, жазушы Бейбіт Сапарәлі.

Өз ұлтын жанындай жақсы көрген Оңдасынов ел басында жүргенде Отанымыз ауыр жылдарды басынан өткерген еді. Алдында ғана болған ашаршылық жылдарынан ес жиып үлгермеген халқымыз саяси қуғын-сүргіннің тағы бір құйынына тап болған. Нұртас Дәндібайұлы үкімет басына осы кезде келді. Бұл 1938 жыл болатын. Қара мәшине мінген «үш әріп» жаналғыштарының дегені жүріп тұрған кез. Екінші бірінің үстінен арыз-шағым қарша борап тұрғанда, үкімет тізгінін ұстап тұру айтуға ғана оңай. Ол өзі небәрі отыз төртте еді.

Ел ішін үрей билеген. Екінші бірі жау көрінді. Сыбырлап сөйлесіп, абайлап айтатын кез. Оңдасынов оған қарамады. Адалдықтың ақ жібін аттап көрмеген ол 50-жылдардың басына дейін бір орнынан тапжылмай, әділдіктің барын айғақтап жүрді. Өзгелер «халық жаулары» мен «бай-феодалдарды» қолдан жасап жатқанда, ол кеуде кері қарсы тұрды.

– Осындай ойран-топан жылдар басынан өткен соң, адам қанша дегенмен қатты ойланады емес пе, бір күні сөз арасында маған «Мен үш нәрседен тазамын: ел алдында арым таза. Қаншама жыл билік басында жүріп, біреуден бірдеңе дөметіп немесе пара алған адам емеспін. Бұл – ел алдындағы арымның тазалығы. Екінші, ел алдында жүзім таза. Мың сан адаммен араласып жүріп, бір адамның руын сұрап, бөлген емеспін.



Үшіншіден, қолым таза. Кейбір жұрт айтқанға көнбей, біреулерді «халық жауы» деп атап жатқанда, олар атылып жатқанда, мен бұндай құжаттардың бірде-біреуіне қол қойған емеспін» деп еді Нұртас ағам, – дейді Оңдасыновтың тағы бір рухани інісінің бірі, Түркістан қалалық ақсақалдар алқасының төрағасы болған Жарылқасын Әзіретбергеноұлы.

Оңдасынов жеке басының адалдығы мен тазалығын көрсетіп қана қоймай, өзгелердің де солай болуын қалаған. Сол үшін жанын салып, күресіп бақты. Бүкіл Кеңестер Одағы астаң-кестең заман мен қаһарын төккен соғыс жылдарын бастан өткергенде, сұсынан адам сескенетін Сталиннен бірде-бір ескерту алмаған. Сталиннің ықыласы түскен бірнеше ғана қазақтың бірі болды.

Арқаға аяздай батқан ақтаңдақ жылдар. Біреуге жақсаң, біреуге жақпайсың. Екі оттың ортасынан өзін ғана емес, елінің көшін аман алып шығу жүзден шыққан жүйрік пен мыңнан шыққан тұлпарлардың бәріне бірдей бұйыра бермеген. Оның үстіне, саяси қуғын-сүргіннің тозақ отына бірнеше мәрте қақталып үлгерген Мұхтар Әуезовке байланысты әділдіктің салтанат құруы мүмкін еместей еді. Оңдасынов мүмкін еместің мүмкін болуына мұрындық болған.

– Қилы-қилы кезең болды ғой, Абайды бай-феодал деп, Мұхтар Әуезовтің басына қиындық төніп тұрғанда, республика бойынша үлкен жиын жасап, бұл әңгімеге түпкілікті соңғы нүктесін қойдырған да осы Оңдасыновтың еңбегі болатын. Еліміздің сонау бір түкпірінен болашақ мүсінші Кәкімжан Наурызбаевты

тауып алып, оны Алматыға әкелдіріп, оқытып-тоқытып, бүкіл әлемге аян Алматыдағы Абай ескерткішін жасауға мұрындық болған Нұртас ағамыз болатын, – дейді жазушы Бейбіт Сапарәлі.

Шынында да, оның еңбегін сан-саладан байқауға болады. Ұлы Отан соғысы жылдарында жауға атылған он октың тоғызы Қазақстанда жасалған. Айтқанда ауыз қиналмайды. Ал бұған қол жеткізу белді үзгенмен бірдей еді. Тапқан-таянғанның бәрін алдыңғы шепке жіберіп, жартылай жалаңаш, ашқұрсак жүрген елді ұлы іске жұмылдыра білуді көзсіз ерлікпен пара-пар деуге болады.

Сол бір жылдары Қазақстан қол жеткізген табыстардың бәрінде Оңдасыновтың өзіндік қолтанбасы бар. Анау-мынауға мойын бұрмайтын «халықтар көсемі» атанған Сталиннің оған қолдау көрсетіп жүруінің де бір себебі осында жатса керек. 1951 жылы Мәскеуге оқуға түсіп, оны бітіріп шыққанша бұрынғы Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасы болып жүргендегі жалақысын сақтатып, бергіздіріп тұруының өзі осының айғағы. Алайда, Оңдасынов тек шаруашылық пен өндірістің жетегінде кетпеген. Бұрынғы Гурьев облысында бірінші хатшы болып жүріп, 1962 жылы зейнеткерлікке шыққан соң, біржола Мәскеуге көшеді. Сонда жүріп өзінің негізгі саласына мықтап ден қойған.

– Мәскеуде жүргенде бұл кісі ерекше жағдайда болған. Қызметтен кетсе де, қызметке кеткен сияқты ғалстугін тағып, үйіндегі жұмыс бөлмесіне кіретін болған. Содан түскі үзіліске ғана шығып, кешке тағы жұмыс істеп жүріп, жиырма жылдан астам еңбек етіп жүріп, артында 10 томдық еңбек қалдырған. Бұл – 1969 жылы шыққан арабша-қазақша сөздік, 1974 жылы шыққан парсыша-қазақша сөздік, не керек, өмірінің соңына дейін он томдық еңбек дайындап кетті. Бұл – әркімнің пешенесіне жазыла бермейтін ерлік, – дейді жазушы Бейбіт Сапарәлі.

Бір өзі бір академияның жұмысын атқарған Оңдасыновтың бір өкініші, бір арманы болды. Екі көзінің қарашығындай болған екі ұлы – Ескендір мен Генрихтің қазақы тәрбие ала алмай, ана тілінің қайнар бұлағынан сусындамағанына өкінген. Зайыбы – Валентина Васильевна Астапова мен екі ұлы өзі дүниеден қайтса, Мәскеуге жерлегісі келерін білген. Ол «Ажал алады-ау деп қорықпаймын, Мәскеуде мәңгі қаламын-ау деп қорқамын» деген ойын Қазақстанда қалған рухани інілері келген сайын жасырмаған.

Оңдасыновтың өкініші заманымыздың өкініші болатын. Ол жеке адамға тән емес, бәрімізге ортақ өкініш. Ал туған жерде жатсам деген арманын артындағы ел-жұрты адал орындады.

– Үлкен баласы тарих ғылымының докторы еді, соған «Егер ауылдан келіп сүйегімді алып кетемін десе, сендер қарсылық жасамандар» деп айтқан екен. Ол үйіндегі басқа кісілерге айтып, Оңдасыновтың мүрдесін арнайы ұшақпен Шымкент қаласына алып келдік. Ол кісінің Мәскеуден келу тарихы осындай, – дейді Жарылқасын Әзіретбергеноұлы.

Нұртас Оңдасыновтың артында қалған ұлан-асыр еңбегі жеке бір әңгімеге арқау болатын өз алдына бөлек тақырып. Мәңгі өшпес үлгі-өнегесі періштедей пәк жанның рухы әлі де биіктерге көтере береді. Ақ болудың жолы қиындап, қаралы күйе жағылмау мүмкін болмаған жылдары таза болып қалу оңай емес еді. Оған Оңдасынов қол жеткізді. Біреу сенсе, біреу сенбес. Алайда, ол солай болған.

Әнуарбек ИСЛАМХАНҰЛЫ.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ТҰҒЫРЛЫ
ТҰЛҒА

«Адам баласы адам баласынан ой-санасы, ақыл-айласы, ілім-білімі, ар-намысы, мінез-құлқымен дараланып тұрады» деп, дана Абай атамыз айтқандай, замандас құрбыларынан оза туған халқымыздың көрнекті заңгері, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген ғылым мен техника қайраткері, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, заң ғылымының докторы, профессор Елеген ҚАЙЫРЖАНОВ (1933–2011) елге танымал тұғырлы тұлға еді...

Артынан өшпес із қалдырған заң саласы сардарының туғанына бүгінде тоқсан жыл толып отыр. Генерал Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының кафедра меңгерушісі, Әл-Фараби атындағы ұлттық университеті Заң факультетінің деканы, ІІМ Алматы академиясының диссертациялық кеңесінің төрағасы және өмірінің соңына дейін «Қайнар» университетінің бірінші проректоры қызметтерін атқарды. Оның ғылыми жетекшілігімен көптеген танымал қазақстандық заңгерлер докторлық диссертация қорғады, 50-ден астам шәкірті заң ғылымының докторы және кандидаты дәрежесіне ие болды. 250-ден астам ғылыми мақалалардың, сонымен бірге 10-нан астам монографиялар мен оқулықтардың авторы.

Қазіргі кезеңдегі қылмыстық құқық және криминология ғылымының дамуына Елеген Қайыржановтың сіңірген еңбегі ерен. Ол – қылмыстық құқық негізін салушылардың бірі ретінде ғылыми ортада танымал тұлға. Сондай-ақ, меншікке қарсы қылмыстардың әлемдік деңгейі, бухгалтерлік есепті жүргізу ережесін бұзудың түрлері мен оған ықпал ететін себептерді жою шаралары, бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың теориялық мәселелері, отандық қылмыстық құқық теориясындағы заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығының өзекті мәселелері сияқты тақырыптар бойынша қорғалған диссертациялық еңбектерге жетекшілік еткенін айтқанымыз абзал. Сондай-ақ, Қазақстан Президенті жанындағы Құқық саясаты бойынша кеңестің белсенді мүшесі ретінде Конституциялық заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізудегі еңбегін заңгерлер қауымдастығы жоғары бағалағанына талай куә болған едік.

«Өмір бізден өтіп кетсе, жұрт еңбектен ескерсін» деп ұлы ақын айтқандай, Елекеннің еңбектерін алыс-жақын шетелдердің ғалымдары мен отандық оқымыстылар жоғары бағалап, ғалымның өзіндік ерекшеліктерімен, криминологиялық процестерді нәзік түсінуімен ерекшеленетін оқулықтары бойынша заңгер-кадрлар дайындайтын жоғары оқу орындарында дәрістер оқылуда. ІІМ Алматы академиясында, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен «Қайнар» университетінде заң ғылымының докторы, профессор Е.Қайыржановқа арналған ғылыми конференциялар, «дөңгелек үстелдер» жүйелі түрде өткізіліп келеді. Алқалы ғылыми жиындарда ғалымның еңбектерінде көтерілген өзекті мәселері сөз болып, оның идеяларын одан әрі дамытып, әлі зерделей түсетін ғылыми зерттеулер қолға алынып келеді. Том-томдаған туындылары, жоғары оқу орындарына арналып жазылған оқулықтары заңгер-кадрлар дайындауда кәдеге асып тұрғанда, заң саласының сардары, академик Елеген Қайыржановтың екінші өмірі жалғаса бермек...

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Президент жанындағы Ұлттық құрылтай
мүшесі, ҚР ҰҒА академигі.



МӘСЕЛЕ

ШАҒАР ШАМШЫРАҒЫНЫҢ ШЫРҒАЛАҢЫ

Шартты орындамаған компаниямен келісім бұзылады

Алматы әкімдігі көше жарығына кінәлі жауапсыз компаниямен шартты бұзады. Қала әкімдігі «Алматы Қала Жарық» ЖШС жауапты компанияның шарттағы міндеттемесін орындамау салдарынан туындаған Алматыдағы көше жарығына қатысты журналистердің сұрақтарына жауап берді. Мұның бәрі 2018 жылы Алматы қаласының Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы, сонымен қатар, «Алматы Қала Жарық» ведомстволық бағынысты ұйымы (АҚЖ) жеке әріптес – консорциуммен «Алматы қаласының сыртқы жарықтандыруды жаңғырту» жобасымен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) шартын жасасқан кезде басталды. Консорциум құрамында «АВМ-Vuilding 2007», «Электрремонт» ЖШС мен «АВМ-Project» ЖШС сынды үш компания бар.

Айнабай
МӘДИ

Жарықтандыру желісін жаңғырту бағдарламасын орындамаған

Келісім-шартқа сай, жаңғырту жұмыстарына байланысты 2020 жылдан бастап ағымдағы жөндеу жұмысының көлемі 2,5 еседен астам көбейді. Шарт бойынша жеке әріптес 2019–2023 жылдар аралығында 8,1 млрд теңге инвестициялауға тиіс болды, ал іс жүзінде олардың тек бір бөлігін ғана салды. Жоспарланған инвестициялардың орындалмауы қаланың сыртқы жарықтандыру желісін жаңғырту бағдарламасының орындалмағанын көрсетеді.

Операциялық шығындардың өтемақысы (ағымдағы жөндеу) жыл сайын жеке серіктестің өтініші бойынша өсті: 2019–2023 жылдар аралығында ағымдағы жөндеуге арналған шығыс – 12,08 млрд теңгеден 28,5 млрд теңгеге дейін өсті. Бұл жекеменшік әріптес жұмыс істеген кезде қаланың сыртқы жарықтандыру желісі жай-күйінің айтарлықтай нашарлағанын айғақтайды. Бұл кезеңде ағымдағы жөндеуге арналған сома – 16,5 млрд теңгеге артты, демек бастапқы құнынан 2,3 есе көп.

Алматылықтардың шағымы орынды

Жеке әріптес ынтымақтастықтың барлық кезеңінде МЖӘ нысандарын жобалау, жаңғырту мен пайдалануға беру жөніндегі жұмыстарды орындау мерзімін бірнеше рет бұзған. Ал кейбір жұмыс толықтай ақаумен тапсырылды, әрі олардың консорциумы оны дер кезінде жоймады. Энергетика басқармасы мен АҚЖ 2022 жылдың басынан бастап шартпен жұмысты орындау сапасы мен мерзімі бойынша жазбаша түрде бірнеше рет ескерту жолдаған. Осы кезге дейін бұл талаптар орындалмады, көптеген бұзушылық жойылған жоқ. Бұл жағдай қаламыздағы сыртқы жарықтандыру мәселесін тұйыққа тірей бастағаны анық.

«Жеке серіктес жұмыс жүргізу ережесін, жобалау мен байқау құжаттама-сында көрсетілген нұсқаулық пен ережені, сонымен қатар, сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметі, өрт қауіпсіздігі, азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік нормативті елемеді. Аталған компаниялардың шарттағы міндеттемелерді орындамауы алматылықтардың көшелерді жарықтандыру мәселесіне орынды шағымын тудырды. Олар мұны Алматы әкімдігінің өкілдерімен кездесуде, БАҚ пен әлеуметтік желілерде үнемі айтып, мемлекеттік органдар мен мекемелердің жұмысына наразылық білдірді», –

деді «Алматы Қала Жарық» басшысы Игорь Мысик.

Алматы қаласы тұрғындарынан қаланың қоғамдық қабылдау бөліміне келіп түскен өтініштерін бақылау мен талдаудан әрбір екінші шағымның жарықтандыруға қатысты екені, сондай-ақ бұл жеке серіктестің кемшілігі мен немқұрайлығының нәтижесі екенін көрсетті. Мәселен, 2022 жылдың басынан бастап АҚЖ диспетчерлік бөліміне түскен шағым саны 2 есеге артты. Қазір сыртқы жарықтандыру сапасына қатысты 20 мыңнан астам шағым жиналды.

Желідегі түйткілді жоюға 5-6 жөндеу бригадасы ғана араласқан, олар бұған төтеп бере алмады. Ал демалыс күндері бригада саны 2-3-ке дейін күрт азаяды. Шарт бойынша әр ауданға 2 жөндеу бригадасы, яғни 8 ауданға – 16 бригада бөлінуі керек. Сонымен қатар, АҚЖ диспетчерлік қызметінің мәліметінше, жеке серіктес 10 бірліктен аспайтын арнайы техниканы пайдаланады, бұл жеткіліксіз.

Тіректерде жерге тұйықталу болмаған...

«Қала аумағында көше жарығын басқарудың ашық шкафтары табылды, бұл балаларды тоқ соғу қаупін туғызады. Тіректерде жерге тұйықталудың болмау деректері кездесті, бұл желінің ұшқынына әкеліп, азаматтардың өміріне қауіп төндіреді», – дейді Игорь Мысик.

Соның нәтижесінде жауапсыз жекеменшік әріптеспен шартты бұзу үшін сотқа талап қою туралы шешім қабылданды. Айта кетейік, консорциумға қатысушылардың бірі – «Электрремонт» ЖШС – мемлекеттік сатып алуға жауапсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген. ҚР «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы» Заңына сай, (32-бап,



1-тармақ, 7 тармақша), бұл жағдаят – жеке серіктес үшін одан әрі МЖӘ шартын жасасуда тікелей дисквалификациялық жағдай.

«Жекеменшік әріптес инвестициялаған 29 млрд теңге көлеміндегі қаржыға қатысты шағымдар негізсіз. МЖӘ шартына сай, инвестицияланған қаржыны өтеу төлем кестесіне сәйкес жүргізіледі. Қазір әкімдік 17,5 млрд теңгені өтеді. Қалған қаржыны өтеу 2025 жылдың соңына дейін, сонымен қатар, МЖӘ шартының кестесіне сәйкес, жекеменшік міндеттемелерін орындаған жағдайда жүзеге асыру жоспарланды. Қызмет көрсету шығындары жекеменшік серіктестің инвестициясынан асып түсетіні де маңызды», – деп мәлімдеген «Алматы Қала Жарық» басшысы осы деректердің бәрі Алматы қаласы бойынша Тексеру комиссиясында шарт талаптарына сай тексерілетінін атап өтті.

Алматыдағы көше жарығына қатысты жағдайды жақсарту мен қала көшелерінің жарықсыз қалмауы үшін жаңғыртылмаған сыртқы жарықтандыру желілері аудан әкімдіктерінің иелігіне өтеді. Бұл сыртқы жарықтандыру желісіне қызмет көрсету үшін жаңа шарттар жасасуды жеңілдетеді. Қазір Алматы ауданы әкімінің аппаратымен шарт жасалды. Алматы қаласының қалған аудандарында сыртқы жарықтандыру желілеріне қызмет көрсету жөнінде дайындық жұмыстары жүргізілуде, мұны биылғы қыркүйектің соңына таман аяқтау жоспарланған.

Міндетті жұмыс 35 пайыз ғана орындалған

Әу баста МЖӘ шартында барлық ескі

натрий шамын жаңа энергия үнемдейтін шамдарға ауыстыру арқылы сыртқы жарықтандыру жүйесін жаңғырту көзделген. 2019 жылдан 2023 жылға дейін жеке серіктес 44 мың жарық нүктесін ауыстыруға міндеттелді. Ал іс жүзінде 13,5 мыңнан аспайтын жарық нүктесі жаңғыртылды. Демек, міндетті жұмыс 35%-ы ғана орындалды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар шарттағы міндеттемелерді тиісінше орындауда жекеменшік серіктестің дәрменсіздігін анық растайды. Десек те, өз тарапынан Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы мен «Алматы Қала Жарық» төлем кестесіне сәйкес, салынған инвестицияларды өтеген. Қазір 6,1 млрд теңге төленді, яки 50%. Қалған сома жекеменшік МЖӘ шарты бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда 2025 жылдың соңына дейін төленуге тиіс.

Инвестициялық шығынды өтеу шарттары бастапқыда жеке серіктес шартқа қол қою кезінде танысқан байқау құжаттама-сында көрсетілген. Алматы қаласы тұрғындарының «АҚЖ» МКК диспетчерлік қызметіне келіп түскен өтініштерін талдау көрсеткендей, 2022 жылдың басынан шағым саны 2 есеге артты. Бүгінде дейін сыртқы жарықтандыру сапасына қатысты 20 мыңнан астам шағым (ай сайын АҚЖ диспетчерлік бөліміне түскені – 2,5 мыңдай шағым) түсті.

АҚЖ тарапынан жеке серіктестің атына жазбаша түрде бірнеше рет тиісті ескерту мен шағымдар жіберілді, олар осы уақытқа дейін орындалмады. Соның кесірінен қала тұрғындары қас қарайғанда тиісті сыртқы жарықтандырусыз қалады. Бұл ретте сапасыз қызмет көрсету тек жекеменшік шамдарды ауыстыруда ғана емес, сонымен бірге, қала көшелерінде оқтын-оқтын жарықтандырудың болмауынан да көрінеді. Мұндай келеңсіздікке басты себеп – жеке серіктестікте қаланың барлық аумағында техника мен білікті бригадалардың болмауы.

Жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты Алматы қаласы мен АҚЖ, Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы мәжбүрлі шара ретінде МЖӘ шартын бұзу туралы сотқа екі тәуелсіз талап-арыз жолдады. АВМ-Building 2007 өкілдері өткізген баспасөз мәслихаты жеке серіктестің мемлекеттік серіктестерге қатысты теріс қоғамдық пікір қалыптастырғысы келетінін көрсетеді. Бұл ретте жеке серіктес заң нормасы мен шарт талаптарын басшылыққа алмай, қарақан басының мүддесін жоғары қоятыны байқалып тұр.



ТИРКЕУ

Қазақстанда 15 қыркүйекте жыл сайынғы емханаларға тіркелу науқаны басталды. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының емдеу-профилактикалық қызмет және мониторинг, талдау, цифрландыру және мемлекеттік қызметтер бөлімінің басшысы Ләйлә Иманғалиева 15 қарашаға дейін алматылықтар қалай және қайда тіркелуі керек екенін айтты.

ЕМХАНАҢЫЗДЫ АНЫҚТАП АЛЫҢЫЗ тіркелу науқаны басталды



Алматыда 76 алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымы жұмыс істейді. Оның 40-ы мемлекеттік, 36-сы жекеменшік нысандар. Олардың барлығы ТМҚКК және МӘМС шеңберінде қызмет көрсетеді. Тұрғындар емханаға екі әдіспен тіркеле алады. Бірінші әдіс – алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымына тікелей хабарласу, екінші әдіс – «Электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы.

Емделушілерге жылына бір рет еркін таңдау құқығы бойынша науқаннан тыс емханаға тіркелу мүмкіндігі беріледі. Сондай-ақ, жұмыс немесе оқу орны басқа жаққа көшкен немесе ауысқан жағдайда, медициналық мекеме таратылған немесе қайта ұйымдастырылған кезде мүмкіндік беріледі. Еңбек мигранттары тіркелу үшін Ішкі істер органдары беретін уақытша тұруға рұқсат құжат қажет.

«Бұл құжатта шетелдіктің болу мерзімі көрсетіледі, дәл осы мерзімге медициналық ұйым еңбек мигранттарын бекітеді. Тіркеуге сұрау салу дұрыс жасалған кезде көрсетілген мерзім өткеннен кейін шетелдік ұйымнан автоматты түрде тіркеуден шығарылады», – деп түсіндірді Л.Иманғалиева.

Тіркеу науқаны тек ӘМС қорының деректер базасында тіркелген медициналық ұйымдар арасында жүзеге асырылады. Қордың <https://fms.kz/kz/> сайтында тіркелуге болатын емханалар тізімімен танысуға болады.

Шетелдік еңбек мигранттарын емханаға тіркеу тәртібі өзгерді. Бұл ақпаратты Медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев хабарлады. Қазақстандықтармен бірге Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен келген еңбек мигранттары мен олардың отбасы мүшелері де емханаға тіркеле алады. Енді еңбек мигранттары емханаға ерікті медициналық сақтандыру немесе жүктелген медициналық сақтандыру келісім-шарты арқылы ғана тіркеле алады. Бұл полистер арқылы олар бастапқы медициналық-санитарлық көмек қызметін пайдалана алады.

«Еңбек мигранттары eGov.kz арқылы тіркеле алмайды. Тіркелу үшін емхана басшысының атына қазақ немесе орыс тілінде еркін түрде өтініш жазылады. Өтінішпен бірге паспорт, ерікті немесе жүктелген медициналық сақтандыру полисі қоса беріледі. Еліміз бойынша аталған келісім-шарттарды 7 жекеменшік сақтандыру компаниясы арқылы рәсімдеуге болады. Олар: «Интертич» СК, «Базель» СК, «Номад» СК, «Фридом иншуранс» СК, «Сентрас Иншуранс» СК, «НСК» СК, «Базель» СК.

Тіркелгеннен кейін еңбек мигранттары МӘМС пакетіндегі қызметтерді пайдалана алады. Мысалы, қажетті консультативтік-диагностикалық қызметтер, жоспарлы стационарлық көмек, медициналық оңалту сынды тағы да басқа көмек түрлері қолжетімді болады. Еңбек мигранттарының өздері МӘМС жүйесіне жұмыс беруші тарапынан жасалған жарналар мен аударымдар арқылы қатысады. Ал 18 жасқа толмаған балалары мемлекет тарапынан сақтандырылса, олардың жұбайлары (зайыбы) өзін-өзі сақтандырушы ретінде алдағы 12 айға жарна төлеуі қажет.

– Қазақстанда тұрақты тұратын, ықтиярхатты бар шетелдіктер ел азаматтарымен бірдей құқыққа ие. Олар емханаға бұрынғыша кедергісіз тіркеле алады. Ал Еуразиялық Одаққа кірмейтін елдердің азаматтары емханаға тіркеле алмайды және МӘМС қызметін пайдаланбайды, медициналық көмек оларға тек ақылы түрде көрсетіледі», – деді Тілеухан Әбілдаев.

ҚҰҚЫҚ

400-ГЕ ЖУЫҚ ЖАСӨСПІРІМ полиция есебінде тұр

Кәмелет жасына толмаған балалардың кез келген іс-әрекеті үнемі қоғам назарында болады. Өтпелі кезеңде олардың мінез-құлқында өзгешелік байқалып, шектен тыс еркіндікке бой алдырады. Кейбір жасөспірімдер санасындағы мұндай өзгеріс құқық бұзып, қылмыскер атануына әкеп соғады.

Бүгінде Алматы полициясының есебінде 400-ге жуық жасөспірім және 580-нен астам тұрмысы нашар отбасы тұр. Кәмелетке толмағандар ісі бойынша 230 полиция инспекторы қызмет етеді. Олардың барлығы құқықбұзушылықтың алдын алумен айналысады. Балалардың қараусыз жүру фактілерін анықтап, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу мен оқытумен айналыспайтын заңды өкілдермен жұмыс жүргізеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жанна ШОНЖАНОВА, Алматы қаласы ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының ювеналды полиция бөлімінің басшысы, полиция подполковнигі:

– Биыл жүргізіліп жатқан жедел-профилактикалық іс-шаралар шеңберінде 357 жасөспірім, сондай-ақ 380 тұрмысы нашар отбасы анықталып, полицияның есебіне алынды. Бүгінгі таңда ішкі істер органдарының есебінде 393 кәмелетке толмаған және 583 тұрмысы нашар отбасы тұр. Жасөспірімдер қылмысының негізгі себебі – ата-аналары ішімдікке салынып, балалардың қараусыз қалуы. Ата-аналар балалардың тәрбиесіне мән бермей, жауапкершіліктен жалтарса, балалар арнайы орталыққа жіберіледі. Қалада жыл басынан бері өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығына 653 кәмелетке толмаған бала орналастырылды.

Кейбір құқықбұзушылықтар үшін жасөспірімдердің ата-аналары жауапты. Мысалы, кәмелетке толмағандардың ойын-сауық орындарында (сағат 22.00-ден кейін) және тұрғын үй-жайлардан тыс (сағат 23.00-ден кейін) түнгі уақытта заңды өкілдерінің болмағаны үшін 5640 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Комиссия отырыстарында кәмелетке толмағандардың мүддесі үшін түрлі фактілер бойынша 250 материал қаралды. Нәтижелері бойынша 23 ата-анаға ата-ана құқығынан айыру түрінде төтенше шара қолданылды, 539 ата-ана бала тәрбиесі жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

БРИФИНГ

АЛИМЕНТ ӨТЕУ – МІНДЕТІҢ!

Алматыда алимент төлемей жүргендер саны 16 мыңға жуықтайды

Қазақстан бойынша некені бұзу туралы азаматтық істер Алматы мен Астана қаласында жиі кездеседі. Бүгінде Алматы қаласының сот орындаушыларының орындауында алимент өндіріп алу туралы 16 мыңнан астам атқарушылық іс жүргізілуде. Оның 60%-дан астамы мерзімді өндіріп алу барысында тұр.

Биыл алимент бойынша борышкерлер үшін 4 бос орындар жәрменкесі өткізілді, оған 320 жұмыс орнына ашық бос жұмыс орындары бар 15-тен астам ірі компания (мысалы, Forte Bank, Sulpak, Helios, Рамс Қазақстан және т.б.) шақырылды. Департамент барлығы 78 борышкерді әкімшілік жауапкершілікке тартып, 5 тәулікке дейін 81 әкімшілік қамау жазасы қолданылды. Алимент бойынша 4 борышкер қылмыстық жауапкершілікке тартылды, сот орындаушыларының 4 ұсынысы анықтау органдарының қарауында. Сот орындаушылары берешекті өтеу есебінен 3 жылжымайтын мүлік, 7 жылжымалы мүлік сатты, сол арқылы 20 млн теңгеден астам берешек өтелді. Сондай-ақ, алимент бойынша әрекетсіздігі үшін 8 жеке сот орындаушысына қатысты лицензиясын жою туралы

МАМАН КЕҢЕСІ

Қарлығаш ҚАЙЫРБЕК, психолог:

Басты жауапты – ата-ана

Балалардың қылмысқа бару себебі әртүрлі. Оған әсер ететін себептерді биологиялық, психологиялық, әлеуметтік деп қарастыруға болады. Күнделікті өмірде болып жатқан өзгерістер баланың дүниеге деген көзқарасына әсер етпей қоймайды. Жасөспірімдік кезеңде мінез-құлқы мен әрекеттері саналы әрі жігерлі түрде жүзеге асып, осыған орай оларға неғұрлым жоғары талаптар қойылады. Организмдегі биологиялық өзгерістер психикалық дамуға да әсер етеді. Жеткіншекте әр нәрсеге қызығушылық немесе көңілі толмаушылық, айналасындағыларға сыни көзбен қарау пайда болады. Мінезінде түрлі ерекшеліктер байқалып, қылықтары өзгереді.

Бала тәрбиесіне отбасы, мектеп және әлеуметтік ортасы ықпал етеді. Отбасындағы негізгі тәрбиеге – ата-ана, мектепте – мұғалім, ал әлеуметтік ортасында – достары және араласатын адамдары әсер береді. Ата-ана тарапынан жасөспірім кезеңдегі баланың тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Бала үшін осы кезеңде «беделді» тұлғалар маңызды болады. Кездейсоқ оқиғалар, сыныпта, көшеде өзін-өзі көрсетуі, басқалардың алдында өзін «жоғары» ұстау маңызды болып көрінеді. Осы өтпелі кезеңде жасөспірімнің өзіне шектен тыс сенімділік пен жауапкершілікті азайтып, құқықбұзушылық тудырады. Бала үшін сыртқы және ішкі психикалық күйлердің тепе-теңдікте болмауы эмоциялық күйі мен сезіміне әсер етіп, қоғамда өзін қалыптастыруда кері әсерін тигізеді. Сондықтан әлеуметтік ортада жасөспірімнің бейімділігін толыққанды қалыптастыруда мұғалім білікті жетекші, әлеуметтік орта өзара жақсы қарым-қатынас жасай білсе, бастысы ата-ана қолдау танытса, жасөспірімнің өтпелі кезеңінде келеңсіз оқиғалар болмайды.



ұсыныс жіберілді, 4 сот орындаушысы лицензиядан айырылды, 4-еуі сот қарауында.

27-ден астам отбасы некесін сақтап қалып, алимент төлеу мәселесі жойылды. Сонымен қатар, алимент өндірісін нақты орындау және борышкерлер мен өндіріп алушылар арасында ымыраға келу үшін сот орындаушылары көбінесе медиаторлардың көмегіне жүгінеді. Биыл 116 бітімгершілік келісім жасалды.

«Борышкерлер алиментті өз бетінше төлейтін атқарушылық іс жүргізулер де бар. Алайда, сот шешімдерін, соның ішінде алимент бойынша шешімдерді орындау қиындықтар туындатады. Мысалы, борышкердің қолма-қол ақшасының болмауы, жауапкердің тұрғылықты жерін белгілемеу, тұрақты жұмыс орнының болмауы, өндіріп алуға болатын мүлік және т.б. Алимент төлеу үшін борышкерлерді жұмысқа орналастыру қажет. Осы мақсатта мемлекеттік органмен өзара іс-қимыл туралы Меморандумға қол қойылды. Алимент өндіріп алу бойынша барлық қабылданып жатқан шараны ескере отырып, борышкерлер 50 млн теңгеден астам берешек төледі, осылайша департамент сот актілерін орындау жөніндегі міндеттерді шешіп, алдағы уақытта да істердің әлеуметтік маңызды санаттарын нақты орындау үшін жұмыс істейтін болады», – деді Алматы қаласы Әділет департаменті атқарушылық іс жүргізуді қамтамасыз ету бойынша бөлім басшысы Әнуар Жексеков.

Бетгі әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



2023 жылғы 14 қыркүйектегі №3/370-535

Алматы қаласы әкімдігінің «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1/1-12 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1/1-12 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

қосымшасындағы:

реттік нөмірі 1 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

1	«Southeast Corner» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-313-005-155	Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 221/1 учаске	0,7728
---	---	----------------	---	--------

».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

«ZhanaUrpaqMektebi» ЖШС жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ана төлемі жылына **1200 АЕК**-тен аспауға керек (2023 жылы – 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. **Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058. сайт: www.fincentr.kz.**

ӘЛЕУМЕТ

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

559,8 мың адамға тағайындалды**Биылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 106,7 мың отбасындағы 559,8 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) тағайындалды.**

Биыл осы мақсаттарға бюджеттен 65,4 млрд теңге бөлінді. Мұны ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады. АӘК отбасының әрбір мүшесіне жан басына шаққандағы орташа табысы өңірлік ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ынан төмен азаматтарға тағайындалады.

Ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап кепілдендірілген әлеуметтік топтама көмектің табиғи нысанынан, монетизациялау форматына қосымша төлем түріне 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда 1,5 АЕК мөлшеріне (2023 жыл – 5175 теңге) ауыстырылды. Биылғы 1 қыркүйектегі жағдайға сай, АӘК алушылар қатарындағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда – 172,9 мың балаларға қосымша төлем тағайындалды.

Қазіргі уақытта қазақстандықтар АӘК тағайындауға өтінішті тұрғылықты жері бойынша мансап орталығында, ауыл округінің әкіміне сондай-ақ eGov.kz электрондық үкімет порталы арқылы бере алады.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

КҮНТІЗБЕ

МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ

**Отандастарымыз 25 қазанда
Республика күнін атап өтеді****Мереке сәрсенбіге сәйкес келетіндіктен, жұмыс кестесін өзгерту жоспарланбайды. Бірақ жұмыс аптасы қысқарады.****Бес күндік жұмыс аптасында:**

23, 24 қазан – жұмыс күндері, 25 қазан – демалыс, 26, 27 қазан – жұмыс күндері.

Алты күндік жұмыс аптасында:

23, 24 қазан – жұмыс күндері, 25 қазан – демалыс, 26, 27, 28 қазан – жұмыс күндері.

Ел тұрғындары биылғы қазанда 10 күн демалады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар!**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге
Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайтын немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, **онлайн** ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Рәсімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:** мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*** бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*** әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз***«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:** құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*** құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!*

**«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін**



Бас директор –

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**Қабылдау бөлмесі:**

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Куаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімінің менеджері –

Әсел ТАШИБАЕВА

e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,****Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:**«Alatay Aqparat» ЖШС.****alatayaqparat@mail.ru**

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.**Апталық****таралымы – 18 663****Кезекші редактор –****Досбол АТАЖАН**

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№KZ80VPY00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы қаласы,

Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің**электронды нұсқасы****«AIR ASTANA»****әуе компаниясы бортндағы****жолаушыларға қолжетімді.**



ЭКОАКЦИЯ

Жастар саясаты басқармасының, сондай-ақ ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің бастамасымен, ведомстволық ұйымдармен және республикалық жастар қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, аймақтарды қоқыстан тазарту үшін экологиялық сенбілік өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Барлық өңірде облыстық жастар ұйымдарының өкілдері, студенттер мен экологиялық еріктілер аймақтарды қоқыстан тазартып қана қоймай, ағаш көшеттерін отырғызды. Қаладағы сенбілікке экология саласындағы белсенділер мен экологтар қатысып, еріктілерге қоқысты сұрыптап жинауды түсіндірді. Экоакцияға 14-35 жас аралығындағы 300-ге жуық ерікті жиналды.

«Бүгін министрліктің бастамасымен Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен акция өтуде. Кеше дәл

«КИЕЛІ ТАБИҒАТ»

аймақтарды қоқыстан тазарту үшін экологиялық сенбілік өтті

осы жерді тазалау жөнінде тұрғындардан өтініш келіп түсті. Бұл – Медеу ауданындағы ең көп қоқыс жиналған аймақ. Басты мақсат – жастар мен қала тұрғындарына табиғатты аялау идеологиясын жеткізу. Мұндай науқандар қаламызда жиі өтіп тұрады. Арнайы осы бағытта жұмыс істейтін экобелсенділер мен еріктілер бар», – деді Алматы қаласы жастар саясатын дамыту мемлекеттік қор директорының міндетін атқарушы Бағдат Анарбаева.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Рустам КАЙРЫЕВ,
Қазақстан ұйғыр жастары одағының төрағасы:

– Қаланы қоқыстан тазалау, оның ішінде қоқысты сұрыптау – өте өзекті экологиялық мәселелердің бірі. Табиғаттың тазалығын сақтау үшін алдымен қоқыстан арылу шарт. Тұрмыстық қалдықтарды сұрыптап барып, қоқыс жәшігіне тастаған жөн. Жастардың көбі осындай қарапайым қағидаларды білмей жатады. Сондықтан экошаралар жиі болып тұру керек деп санаймын. Ассамблея жастары әрдайым қолдауға, қатысуға әзір.



Жансая ҚҰСАЙЫНОВА,
№169 мектептің 10-сынып оқушысы:
– Акция өтетінін «Қамқор» қоры арқылы естідім. Экологиялық іс-шараларға жиі қатысып тұрамын. Тазалық сақталса ғана, табиғатқа зиян келмейді.



Суреттері түсіріп: Самал ҚҰСАЙЫНОВА.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІ

«ӘЙЕЛДІҢ БАҚЫТЫ –
БАУЫРЫНДАҒЫ БАЛАСЫ»Риясыз көңіл мен жылы лебіз де адам баласына
көп қуаныш сыйлайтыны рас-ау...

Көптен көрмеген соң ба, жылап көрістік. Сағыныштың көз жасы ғой... Амандық-саулықтан соң Самалға арнап дастархан жайдым да, қонақ бөлмеге шақырдым.

«Балалы үй базар» деген... Есіктен төрге дейін ойыншықтар шашылып жатыр. Төргі бөлмеде аралары екі-үш жас шамаларындағы үш кішкентай бір-бірімен шүлдірлеп сөйлесіп, ойнап отыр екен. Самал болса, балалардың қылықтарына сүйсініп қарап тұрып қалған. «Ұялған тек тұрмас» демекші, құрбымнан ынғайсызданып:

– Қазір жинасаң, қазір шашады. Бала деген осы... Айып етпеші, жинап үлгері алмадым... Төрге шық! – дедім де, ойыншықтарды жәшіктерге сала бастадым.

– Тиіспеші, шаша берсін! Жинама! Біз жүрміз ғой міне, үй шашатын осындай баланы армандап. Тұрмыс құрғаныма біраз уақыт болса да, әлі баламыз жоқ. Ажырасып кетейін десем, жолдасымды жақсы көрем. Екеуміз бір-бірімізді қимаймыз. Әлі де болса үмітімізді үзбей жүрміз. Балалы болармыз деп. Бармаған жеріміз, қаралмаған дәрігеріміз қалмаған шығар. Нәтиже болмай жатыр. Жұмыстан келгенде үйіңнің іші тап-таза, тым-тырыс... Не істеріңді білмей, аласұратын кездер менің бір басыма жетіп-артылады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Білесің бе, Құралай, адам ондай тазалықтан да, сілтідей тынған тыныштықтан да жалығады екен. Сондықтан еш қысылма! Ойнай берсін! Әр кезеңнің өз ләззаты бар, сәл естері кіріп, үлкейгенде өздері-ақ тап-тұйнақтай етіп жинап қояды әлі. Қазір қарашы, үйің шашылып жатыр, қандай бақыттысың! Әйелдің бақыты – бауырындағы баласында ғой! – деді Самал көзіне жас толып...

Шынында да, кейде біз өз басымызға қонған бақытты сезіне алмайтынымыз бар. Біреулер бір балаға зар болып, басын тасқа да, тауға да соғып жүр. Ал енді біріміз бар баланы мейірімге бөлей алмай, далаға тастап жатырмыз. «Үйің шашылып жатыр, қандай бақыттысың!» дейді. Самалдың сөзінің жаны бар. Қай жағынан алсаңыз да, бәрі өз уақытында болғаны жақсы екен ғой.

Екеуміз көп әңгімелестік. Сосын қимай қоштастық. Құрбым қайтарында сөмкесіне балаларымның бір-екі ойыншығын ырымдап салып бердім. «Жұғысты болсын!» деп...

Күні кеше сол Самал досым телефон шалды. Қуанышты хабарымен бөліскісі келіпті. Жүкті екен! Жаратқаннан ешқашан үмітін үзбеген құрбымның қуанышын естігенде, жанарыма еріксіз жас үйірілді. Ұзақ уақыт сәби иісін аңсаған отбасының бүгінде қандай сезімде екені айтпаса да түсінікті шығар. Мен құрбым үшін, оның отбасы үшін шын қуандым.

Риясыз көңіл мен жылы лебіз де адам баласына көп қуаныш сыйлайтыны рас-ау... Біз қанша жырақта жүрсек те, бір-біріміз жайында тек қана жақсы ойлаушы едік. Міне, соның дәлелі болар, құрбымның шаңырағы шаттыққа бөленер күн де алыс емес. Мен осы кездесуден кейін қандай да болсын қиындықтарға, сынақтарға төзіммен, сабырмен қараған жанға Жаратқанның мейірімін төгетініне шүбәсіз сендім.